

"Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 55 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қыркүйекте № 5603 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 7 ақпандағы № 300 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2019 № 300 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5404 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 22 наурызда "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде жарияланған) **мынадай өзгеріс енгізілсін:**

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облыстық
мәслихатының кезектен тыс
6 сессиясының төрағасы
І. Тілеп*

*Қызылорда облыстық
мәслихатының
хатшысы
Н. Байқадамов*

Қызылорда облыстық мәслихатының
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 55 шешіміне қосымша

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен қосымша берілетін дәрілік заттар

№	Ауру түрі	Халық санаты	Дәрілік заттарды тағайындау үшін айғақтар (дәрежесі, сатысы, ауыр ағым)	Дәрілік заттың атауы (шығару нысаны)
1	Басқа көріністі жылауықты фиброз (муковисцидоз)	Диспансерлік есепте	Ауырлық дәрежесіне қарамастан барлық түрі	- Тобрамицин (сыртқы нысан) 300 мг/5мг - Ацетилцистеин 100 мг - ортатізбелі триглицеридтері бар толыққанды құнарлы қоспа. (Сусын немесе қосымша тамақтануға, сондай-ақ энтералді зонд ретінде қолдануға арналған. 3-жастан жоғары балаларға және ересектерге тағайындалады)
2	Идиопатикалық өкпе артериясының гипертензиясы	тұрған барлық санаттар	II, III, IV сатысы	- Силденафил 50 мг - Бозентан 125 мг
3	Аяқтың эмболиясы және тромбозы		Басқа антикоагулянттық дәрі-дәрмектерді қолдану мүмкін болмағанда	- Ривароксабан 10 мг

Аббревиатураның толық жазылуы:

мг – миллиграмм

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК